

ҒТАХА 03.20.00

DOI: <https://doi.org/10.62724/202520107>

**Тасмагамбетов Асет Сембаевич\*<sup>1</sup>**

Тарих ғылымдарының докторы, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, 090006, Орал қ., Н. Назарбаев даңғылы, 194, [t.asset63@mail.ru](mailto:t.asset63@mail.ru),  
ORCID ID: 0000-0003-0497-3822

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАТШАЛЫҚ БИЛІК ПЕН ОРЫС ПРАВОСЛАВ ШІРКЕУІНІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚ ЖЕРЛЕРІН ОТАРЛАУДАҒЫ ОРНЫ (XIX-XX Ғ. БАСЫ)**

*Аңдатпа.* Бұл мақалада орыс православ шіркеуінің қазақ жерлері Ресей империясының құрамында болған тұста (XIX ғ. – XX ғ. басы) патша үкіметімен арақатынасы, оның Қазақстандағы отарлық басқару жүйесіндегі орны мен қызметі тарихи тұрғыда талданады. Патша билігінің шіркеуді мемлекеттік аппараттың бір бөлігіне айналдыру урдісі (қасиетті синодтың құрылуы, епархиялық басқарудың енгізілуі, обер-прокурор институтының рөлі) сипатталады. Автор қазақ жеріне қызметін таратқан епархияларға қатысты материалдар негізінде Қазақстандағы православие шіркеуінің әкімшілік және миссионерлік қызметін саралап, оның отарлық саясатпен байланысын ашады. Шіркеу әкімшілігі мен жергілікті билік құрылымдарының өзара әрекеттестігі, миссионерлік іс-шаралар, діни бақылау мен рухани кеңістікті басқару тетіктері қарастырылады. Мақалада тарихи-салыстармалы және тарихи-жүйелік әдістерді қолдана отырып белгіленіп қаралып отырған саладағы үрдістер жан-жақты зерделеніп, шіркеудің патшалық билікпен институционалдық байланыстары мен миссиясының мазмұны талданады. Сонымен қатар, синодтық басқару кезеңінің ерекшеліктері мен оның отарлық саясат шеңберіндегі ықпалы нақты мұрағаттық деректер мен баспасөз материалдары арқылы негізделеді. Зерттеу нәтижесінде православие шіркеуінің рухани мекеме ғана емес, сонымен қатар қазақ жерлерінің Ресей империясының құрамына кірген тұста отарлық билік мүдделеріне қызмет еткен әкімшілік құрылым ретінде көрініс тапқаны анықталады.

*Кілт сөздер.* Патшалық билік, орыс православ шіркеуі, епархиялық басқару, әскери-азаматтық билік, православиелік миссионерлік, діни басқару, мемлекеттік бақылау, Ресей империясы.

*Кіріспе.* Қазақстан аумағының Ресей империясының құрамына енуі отарлық әкімшілік-басқару құрылымының орнауымен қатар жүріп, сонымен бірге дін саласына да тікелей әсер етті. Ресей мемлекеті мен орыс православ шіркеуінің өзара қарым-қатынасы I Петр реформалары нәтижесінде түбегейлі өзгеріп, шіркеу патша билігінің бақылауындағы мемлекеттік институтқа айналды. Бұл кезеңде қасиетті синодтың құрылуы және обер-прокурорлық басқару жүйесінің енгізілуі шіркеу мен мемлекеттің тығыз институционалдық байланысын қалыптастырды. Орыс православ шіркеуі өзінің діни ұйым ретіндегі қызметінен басқа ресми рухани идеологияны тарату арқылы отарлық саясаттың жүзеге асуына атсалысты. Қазақстандағы шіркеу қызметі – оның ішінде миссионерлік жұмыс, шоқындыру саясаты, оқу-ағарту және жергілікті халықты рухани бағындыру тетіктері – империялық биліктің стратегиялық құралдарының бірі болды. Осы тұрғыдан алғанда, православие шіркеуінің қызметін қарапайым діни өмір шеңберінде емес, кең ауқымды саяси және идеологиялық контекстте зерттеу қажеттігі туындайды.

Зерттеудің өзектілігі – орыс православ шіркеуінің қаралып отырған кезеңдегі отарлық билік жүйесімен байланысын Қазақстан кеңістігіндегі нақты тарихи жағдайлар негізінде зерделенуінде. Бұл мәселе қазіргі таңда рухани отарлану, дін мен билік арасындағы өзара әрекеттестік, және діни институттардың саяси функцияларын түсіну үшін маңызды. Зерттеудің мақсаты – синодтық басқару жүйесі кезеңінде православ шіркеуінің империялық билікпен байланысын талдау, оның Қазақстандағы миссиясын, әкімшілік құрылымын және отарлық саясатпен ықпалдасу тетіктерін анықтау. Мақалада тарихи-салыстырмалы және тарихи-құжаттық әдістер қолданыла отырып, Орынбор, Омбы, Түркістан епархияларына қатысты материалдар, ведомстволық деректер, миссионерлік жазбалар мен ресми басылымдар негізінде талдау жүргізілді. Бұл зерттеу шіркеудің отарлық билікпен біте қайнасқан әрекетін көрсету арқылы оның Қазақстандағы тарихи рөлін жаңаша пайымдауға мүмкіндік береді.

Қазақстан аумағында православие тарихының Ресей империясы құрамында болған кезеңіндегі тарихнамасы туралы сөз болғанда, бұл мәселе шартты түрде ғана қарастырылады. Әсіресе, орыс православ шіркеуінің патшалық билікпен өзара қарым-қатынастарына келсек, бұл тақырыпқа тікелей арналған зерттеулер жоқ, тек жанама түрде байланысы бар бірнеше еңбектерді атауға болады. Мәселен, Қазақстандағы православие тарихына қатысты мәселелер кеңірек тарихи тақырыптар аясында В.А. Яковлев [1], Н.М. Чернавский [2], И. Голошубин сынды зерттеушілердің еңбектерінде қозғалған [3]. В.А. Яковлевтің «Түркістанның шіркеулік өмірінен» атты еңбегінде XIX ғасырдың 60-жылдарынан XX ғасырдың басына дейінгі кезеңдегі Оңтүстік Қазақстандағы орыс православ шіркеуінің тарихына қатысты деректер келтірілген. Н.М. Чернавский революцияға дейінгі кезеңдегі Орынбор өлкесіндегі діни өмірді және осы аймақтағы православие тарихын зерттеген негізгі тұлғалардың бірі болды. Ал И. Голошубин «Омбы епархиясының анықтамалық кітабы» атты еңбегінде Омбы епархиясына қарасты өңірлердегі, атап айтқанда, Ақмола және Семей облыстарының православие приходтарын қамтыған шіркеулік өмірге қатысты материалды жинақтап, талдаған.

Кеңестік дәуірдегі тарихнамаға келсек, бұл мәселе бойынша арнайы зерттеулер мүлде болмаған. Бұрынғы Ресей империясы аумағындағы православие тарихына арналған жалғыз еңбек Н.М. Никольскийдің «Орыс шіркеуінің тарихы» атты еңбегі болып келді [4]. Идеологиялық ықпалға байланысты бұл еңбекте революцияға дейінгі орыс православие шіркеуі мемлекеттік аппараттың бір бөлігі, әлеуметтік-экономикалық институт ретінде қарастырылды. Автор орыс шіркеуінің тарихын қос дінділік пен еретиктерге қарсы күрес призмасы арқылы көрсетеді.

Ал еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстандағы православие тарихын конфессиялық тұрғыдан (тек миссионерлік қызмет емес) зерттеген еңбектердің бірі ретінде Л.В. Тимофееваның «Жетісу аумағындағы орыс православ шіркеуінің тарихы (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасыр)» атты еңбегін атауға болады [5]. Бұл еңбек аймақтық сипатқа ие болғанымен, Жетісудағы православие тарихының кейбір беттерін ашып көрсетеді, бұл да зерттеліп отырған мәселе үшін маңызды. Қарастырылып отырған кезеңдегі Қазақстандағы православие тарихына арналған өзге де отандық зерттеулер, негізінен, көбіне шіркеудің тікелей миссионерлік қызметіне арналған. Мысалы, солардың ішінде келесі авторлардың жұмыстарын атап кетуге болады Г.К. Батырхановтың [6], З.Т. Садвакасованың [7], З.Е. Кабульдиновтың [8], М.Ш. Егембердиевтің [9] және басқаларының.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Зерттеу барысында дереккөздер ретінде Орынбор, Омбы және Түркістан епархияларына қатысты материалдар пайдаланылды. Атап айтқанда, хаттар, нұсқаулар, есептер, діни ведомствоның ресми

корреспонденциялары талданды. Сонымен қатар, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы «Оренбургские епархиальные ведомости» секілді басылымдардағы жарияланымдар зерттеу нысанына алынды. Бұл дереккөздер орыс православ шіркеуінің әкімшілік құрылымын, миссионерлік қызметін және империялық билікпен өзара байланысын ашуға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысында тарихи-салыстырмалы, тарихи-жүйелі және тарихи-генетикалық әдістер қолданылды. Тарихи-салыстырмалы әдіс Қазақстандағы епархиялық басқару жүйесін Ресейдің орталық және шет аймақтарындағы шіркеу құрылымымен салыстыра отырып, православ шіркеуінің қызмет ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Тарихи-жүйелі әдіс шіркеу мен патша әкімшілігі арасындағы қарым-қатынас тетіктерін, олардың функционалдық міндеттері мен бағыныштылық иерархиясын кешенді түрде талдауға қолданылды. Тарихи-генетикалық әдіс арқылы Орыс православие шіркеуінің синодтық басқару жүйесінің қалыптасуы мен оның отарлық аймақтарда орнығу үдерісі хронологиялық тұрғыда зерделенді.

Сондай-ақ, контент-талдау әдісі қолданылып, шіркеу әкімшілігі мен миссионерлердің жазбаша есептері мен баяндамаларындағы ұстанымдар, терминология және миссионерлік риторика талданды. Бұл тәсіл Қазақстандағы рухани өмірді бақылау, діни саясатты жүзеге асыру және православиелік миссияны ұйымдастыру тетіктерін анықтауға негіз болды.

**Нәтижелер және оларды талқылау.** Саяси билік және оның әрекеттеріне қарасты мәселелер бізде әдетте мемлекеттің және қоғамның зайырлы өмірімен байланыстырылады. Алайда, тарих көрсетіп отырғандай, бұл мәселелер діни конфессиялардың өмірі мен қызметіне тікелей қатысты болуы мүмкін, ал олар арқылы бүкіл қоғамның рухани өміріне де әсер етеді. Бұл тұрғыда белгілі мысалдардың бірі – орыс шіркеуі тарихындағы «синодтық» кезең. Бұл кезеңге бастаманы XVIII ғасырдың бірінші ширегінде патша I Петр енгізген шіркеу реформалары берді. Ол реформалар патриархтық басқару жүйесін жойып, православ шіркеуін Ресей империясының монархына бағындырды. Бұл кезең екі ғасырды қамтып, XX ғасырдың басына дейін созылды.

Петр реформаларына сәйкес, патриархтықпен қатар орыс шіркеуін басқарудағы соборлық ұстанымы да жойылды, ал оның орнына құрылған қасиетті синод сыртқы жағынан ғана соборлық сипатқа ие болып, канондық негіздерге сай келмеді. Мұндағы соборлық бастама зайырлы-әкімшілік әріптестікпен алмастырылды. Бұл әріптестік түрі тек ішкі бюрократиялық ұйымдастыру жүйесі болып табылды. Петр енгізген синодтық басқару жүйесінде әр епархиядан өкілдік болмады, тіпті мүлде өкілдік болмады, өйткені синод мүшелерін үкімет тағайындады және ол іс жүзінде шіркеулік емес, мемлекеттік мекеме ретінде қызмет етті.

Епархиялық басқаруда консисториялар құрылды, олар төрт-бес дін қызметкерінен тұратын алқа ретінде жұмыс істеді. Бұл мүшелер епископтың таңдауы бойынша синодпен және бір зайырлы шенеунікпен тағайындалатын. Бұл органның жұмысы негізінен қарапайым зайырлы шенеуніктермен жүзеге асырылып, шіркеу әкімшілігіндегі күрделі бюрократиялық жүйелерді білмейтін благочинныйлардың қызметін бағыттап отырды.

Қасиетті синодты шын мәнінде басқарған және оның жұмысына бағыт берген — обер-прокурор болды. Синод тарихындағы барлық обер-прокурорлар тек зайырлы тұлғалар болып, мемлекеттің шіркеуден үстемдігін іс жүзінде жүзеге асыруға жауапты болды. Жергілікті жерлерде рухани консисторияның хатшысы шіркеу ісінде сөзсіз басты тұлғаға айналды. Консистория жарғысы бойынша ол тікелей архиерейге бағынышты болғанымен, оны тек обер-прокурор ғана тағайындап немесе қызметінен босата алатын.

Консистория жұмысы туралы хатшы обер-прокурорға, архиерейді айналып өтіп, есеп беретін. Барлық ақпарат оның иелігінде болды, ол кез келген іске бағыт бере алатын, ал оның арқа сүйер тұлғасы — обер-прокурор болатын. Мұндай ықпалды әрі нақты беделді тұлғамен тек санаулы архиерей ғана ашық қақтығысқа бара алатын [10, 90 б.].

Орыс шіркеуінің өмірі мен қызметін басқарудағы мұндай түбегейлі өзгерістер оның рухани болмысына да елеулі әсерін тигізді. Синод қызметі алғашқы жылдарынан бастап-ақ сыртқы, бюрократиялық-полицейлік сипатқа ие болды: «әртүрлі заңбұзушылықтарды анықтау, ырымшылдық пен еркін ойлауды әртүрлі нысандарда жою». Синод епископтарға негізінен дәл осындай – тергеу және жою тәсілдері туралы нұсқаулар беретін. Православ шіркеуі мүшелерінің барлық діни міндеттері баптар мен параграфтар бойынша нақты белгіленіп, тізіліп берілді. Мұнда храмда өзін қалай ұстау керек, иконалардың алдында қалай тұру, мерекелерді өткізу, күнәларды мойындау және православиелік сенімге адалдықты қадағалау тәртібі де толық әрі нақты сипатталған болатын. «Рухани өмірдің реттеуге көнбейтін нысандары мен құбылыстарына полицейлік ережелер орнатуға талпыну» шіркеу саласына «құрғақ бюрократизмнің жансыз тынысын» енгізді [11, 67 б.].

Бұл мәселеге байланысты көзқарастар әртүрлі: Петрдің шіркеу реформаларын тікелей айыптаудан бастап, оларды тарихи қажеттілік ретінде ақтауға дейінгі пікірлер бар. Алайда, бір нәрсе анық – осы реформалардан кейін орыс шіркеуі қарапайым мемлекеттік мекеме дәрежесіне дейін түсірілді, оның қызметі енді ең алдымен мемлекеттік мүддеге бейімделетін болды. Шіркеуді басқару жүйесі көп ұзамай күрделі мемлекеттік механизмнің бір бөлігіне – «православиялық конфессиялар басқармасына» айналды.

Шіркеу қызметіндегі зайырлы-әкімшілік негіздердің үстемдігі, шіркеу басқаруының мемлекеттік жүйеге бағынышты болуы, империя шеткерілеріндегі шіркеу өміріне де әсерін тигізді. Бұл құбылыс православие дінінің Ресей империясына қосылған аумақтарда таралуы мен ұйымдық дамуына, сондай-ақ осы өңірлердегі, атап айтқанда Қазақстандағы, православиялық институттардың қызметіне, православиялық миссионерлікке де өз әсерін тигізді.

Қазақстанның солтүстік-батыс аудандары XVIII ғасырдың өзінде Орынбор өлкесінің құрамына ене бастады. Бұл кезде мұнда Орынбор губерниясы құрылып жатқан еді. Шіркеу-әкімшілік жағынан алғанда, Орынбор губерниясы аумағы дербес епархия құрылғанға дейін, яғни XVIII ғасырдың соңына дейін, әртүрлі епархиялық орталықтарға бағындырылды. XVIII ғасырдың соңында Орынбор өлкесі шегінде дербес епархия құрылды. Алайда әскери-азаматтық біртұтастыққа қарамастан, Орынбор өлкесі шіркеу-әкімшілік жағынан әлі де айтарлықтай бытыраңқы күйде қалды. Бұл жағдай азаматтық және рухани биліктің өзара қарым-қатынастарын едәуір қиындатты. Сонымен қатар өлкедегі православ халықтың көбеюі мен шіркеулер санының артуы епархиялық басқару үшін бұл кең аймақты басқаруды күрделендірді. Осы аталған себептер 1859 жылы Орынбор епархиясын екі дербес епархияға – тікелей Орынбор және Уфа епархияларына бөлінуіне алып келді.

Бұл екі дербес кафедраны құру мәселесі негізінен Орынбор генерал-губернаторы Катениннің бастамасы болатын. Бастапқыда Орынбор кафедрасына бір викарилық құру жоспарланды, викарийдің Орынбор қаласында орналасуы көзделді, өйткені бұл қалада ересейшілер (раскольниктер) көп шоғырланған еді. Осыған байланысты 1858 жылдың наурызында Орынбор архиепископы Антоний I Синодқа ресми ұсыныс жіберді. Алайда генерал-губернатор Катенин епархияны толықтай екіге бөлу бастамасын алға тартып, бұл ұсынысты Синодтың обер-прокуроры алдында жеке түрде қолдап, өлкеде епархиялық биліктің Орынбор қаласында орналасуымен толық дербес епархия құруды

талап етті. Синод Катениннің ұсынысымен келісті, және осы мәселе жөніндегі баяндама 1859 жылдың 21 наурызында император тарапынан бекітілді [12, 134 б.]. Демек, бұл жерде біз Қазақстандағы сол тұста православиялық діни құрылымдық мәселеден бастап ақ жергілікті әскери-азаматтық билік өз үстемдігін жүргізе бастағанын көреміз.

Аталған оқиғалар осы кезеңде империя шеткерілеріндегі ресми православ шіркеу ұйымдарының қызметінде маңызды бір ерекшелікті байқауға мүмкіндік береді. Яғни, бұл жерде епархиялық мәселелерге әскери-азаматтық биліктің белсенді әрі ықпалды араласуы айқын байқалады. Бұл туралы православие тарихын зерттеген белгілі орыс ғалымы Николай Чернавский былай деп жазады: «Мұның себебі – Орынбор өлкесі ерекше жағдайдағы шет аймақ ретінде Ресей патшалығының қоластына жуырда ғана қосылғандықтан, бұл аймақты тыныштандыру және түрлі ұлт өкілдерінен құралған халықты реттеу үшін ерекше, кейде шұғыл шараларды қажет етті. Сол себепті 1881 жылы генерал-губернаторлық таратылғанға дейін бұл өңір жоғары әскери-азаматтық және тіпті саяси өкілетке ие тұлғалардың ашық басқаруында болды. Алғашында бұл әскери губернаторлар болса, кейін генерал-губернаторлар болды» [13, 4 б.].

Осы ерекше мәртебесіне орай әскери-азаматтық билік епархиялық басқару ісіне елеулі ықпал етіп қана қоймай, кейбір маңызды шіркеу істері бойынша олардың пікірі шешуші рөл атқарды. Бұл өз кезегінде жергілікті әскери-азаматтық және рухани билік арасындағы қарым-қатынасқа да әсер етті. Бұл туралы Н. Чернавский былай дейді: «Тіпті сырттай да бұл жағдай епископтардың генерал-губернаторға алғашқылардың бірі болып мерекелік сәлемдесу үшін баруынан, ал кейін генерал-губернатордың епископқа жауап ретінде баруынан көрініс тапты». Осыны дәлел ретінде ол 1854 жылғы оқиғаны мысалға келтіреді: генерал-губернатор Перовскийдің талабымен православ емес жергілікті халық арасында басталған миссионерлік әрекеттер тоқтатылды. Синод бұл жайлы естісімен: «бұдан кейін де мұндай жағдайларда өлкелік басты басшының нұсқауларын басшылыққа алу қажет» деп бұйрық берді [13, 5 б.]. Демек, бұл жерде Қазақстандағы әскери-әкімшілік биліктің орыс православ шіркеуінің миссионерлік әрекетіне сол сәттегі бұл жердегі саяси ахуалға байланысты өз ықпалын тигізіп отырғандығын көреміз. Соның ішінде кей сәтте бұл әрекетті бәсеңдетуге де байланысты.

Жалпы алғанда, генерал-губернаторлар мен әскери губернаторлардың билігі әртүрлі ведомстволар бойынша әкімшілік шараларға бірлік пен ортақ бағыт беруге бағытталды. Бұл ведомстволар 1865 жылғы жергілікті әкімшілік реформасына дейін, яғни билік бірлігі мен орталықтандыру қағидаты енгізілгенге дейін, бір-бірінен оқшау, тәуелсіз жұмыс істейтін. Осы себепті, ортақ мәселелер бойынша олармен байланыс орнатқанда, епархиялық билік көзқарастардың айырмашылығына байланысты қиындықтарға тап болатын. Мысалы, Орынбор өлкесінде генерал-губернатордан бөлек, губерниялық мекемелер ретінде Орынбор губерниялық басқармасы, Орынбор және Орал казак әскерлерінің басқармалары, «Орынбор қырғыздары» басқармасы жұмыс істеді. Сонымен қатар, шіркеу салу, приходтар ашу және дін қызметкерлерін қамтамасыз ету мәселелері мемлекеттік мүлік палатасының шешіміне байланысты болатын.

Бұл тұрғыда, Орал казак әскерінің кеңсесі де ерекше тәуелсіздікке ие болды. Ол әу бастан Орал казактары жеріндегі шіркеу істерін дербес жүргізіп келді. Сондықтан оның бұл құқықтарын біртіндеп алып, оларды консисторияның қарауына беру, яғни әскери кеңсені епархиялық басқару істеріне араласудан мүлде босату – Орынбор епископтарының Орал әскерімен жүргізген әкімшілік саясаты бірнеше онжылдыққа созылды.

Бұл мәселеге байланысты Орынбор епархиясы жетекшілерінің бірі Антоний 1861 жылы Синодқа былай деп шағымданды: «Бұл жерде епархиялық істерге араласу қалыпты әрі терең тамыр жайған жағдайға айналды. Орынбор епархиясының құрамына

генерал-губернатордың басқармасы, Орынбор казак әскерінің полктік және станицалық басқармалары, Орал әскери кеңсесі мен оның дистанциялық бастықтары кіреді. Бұл мекемелер мен тұлғалар бұрын епархиялық орталық Уфа қаласынан алыс болғандықтан, тек шіркеу істерін ғана емес, дін қызметкерлері мен шіркеу қаржысын да өз қалауларына басқаруға әбден дағдыланған. Соңғысы тіпті әлі күнге дейін әскери биліктің меншігі саналады» [13, 8 б.]. Ол әрі қарай былай дейді: «...Ал дін қызметкерлеріне келсек, әсіресе Орал әскері бойынша оларды тағайындап, орнынан алуды тіпті әскери басшылықтың өзі жүргізетін. Басшылар өз аймақтарын аралаған кезде дін қызметкерлерінен де әскери адамдар сияқты құрмет күтетін: кейбір шіркеулерде оларды қоңырау соғумен және крестпен қарсы алып, дін қызметкерлері құттықтау сөздер айтатын. Шіркеулер салу туралы мәселелерде казак басшылары мұның жергілікті епископтың құзырында екенін естен шығарып, оған тек ескерту ретінде ғана мәлімдейтін. Полк командирлері полктарды тексеру кезінде приходтардың жай-күйі мен шіркеу қаржысы туралы дін қызметкерлерінен толық есеп талап етіп, есеп кітаптарына өз ескертпелерін жазып, приходтар мен қоныстарды өз беттерінше бір приходтан екіншісіне ауыстырып жататын» [13, 8 б.].

Келтірілген материалдар көрсеткендей, шіркеулік мәселелерді қарастырғанда әскери-азаматтық билік өкілдері рухани мекемелерді айналып өтіп, өз қалауларына әрекет еткен. Бұл жағдай Қазақстанның оңтүстігінде де орын алып отырды. Мысалы, Орынбор генерал-губернаторы басқармасынан Түркістан облысының әскери губернаторына жіберілген нұсқауда былай делінген: «...Бұл ретте, аса қадірлі Варлаам жіберген дін қызметкерлері – Победоносцев (Тимофей), Вознесенский, Егров, Ширяев және Тихомиров – Әскери губернатор генерал-майор Романовскийдің бұйрығымен Епархиялық басқарма белгілеген орындарға емес, басқа жерлерге тағайындалғаны белгілі болды. Бұл туралы облыс билігі аса қадірге иемен не алдын ала, не кейіннен келісімге келмеген» [14, П. 1 тер.].

Синодтың обер-прокуроры бұл жағдайды Орынбор генерал-губернаторына хабарлай отырып, Түркістан облысындағы дін қызметкерлерінің Орынбор епархиялық басқармасына бағынуын белгіленген тәртіп бойынша бұзбауды сұрады [14, П. 2].

Түркістан өлкесінде бөлек православ епархиясының құрылуы да көп жағдайда жергілікті әскери-әкімшілік билікке байланысты болды. 1869 жылғы мамырда бұл туралы өтінішті Синодтың обер-прокуроры граф Д.А. Толстойдың атына Түркістан генерал-губернаторы К.П. Кауфманның өзі жолдаған [15, 9-10 бб.].

Қазақстандағы православ шіркеуінің миссионерлік қызметінің сипаты мен көлемі де көбіне жергілікті әскери-әкімшілік басшылыққа байланысты болды. Тіпті, кей жағдайда олар белгілі бір «бөгде діндегіні» қабылдауға қатысты шешімді өз бетінше қабылдап, бұл мәселе бойынша бірізділіктің сақталмауын туғызды, әсіресе XIX ғасырдың 60–70 жылдары. Мысалы, 1873 жылы Түркістан епископы Софоний облыс басшылығына «бөгде діндіні» православиеге қабылдау туралы бастаманы тек жергілікті дін қызметкерлері көтеруі керек екенін айтып, жоғары шенділердің бұл іске араласпауын сұрады [16, П. 20]. Осыған байланысты Түркістан генерал-губернаторы Сырдария облысының әскери губернаторына жолдаған нұсқауында былай делінген: «...Православиеге қабылдау ісі діни қызметкерлердің міндетіне жатады. Олар прозелиттермен шіркеу ережелері, азаматтық заңдар мен жергілікті епархиялық басқарма нұсқауларына сәйкес жұмыс істеуі керек. Сондықтан аса қадірлі Софонийдің өтінішін орынды деп есептеп, бұл талапты нақты орындауды сұраймын» [16, П. 20 тер.]. Демек, казак жеріндегі миссионерлікті жүзеге асыру барысында әскери-азаматтық билікпен православиялық шіркеудің арасында қайшылықтар болғанын байқаймыз. Бұл

жағдайдың миссионерлікке кедергі келтіретінін православиялық дін өкілдері алға тартып көрсетіп отырды.

Бұл кезеңдегі Қазақстандағы орыс православ шіркеуінің миссионерлік бағытына қарасақ, оны тек шіркеудің бастамасы ретінде қарастыруға болмайды. Шынында да, бұл қызмет едәуір дәрежеде империялық үкіметтің ішкі саясатының құралына айналды. Миссионерлік жұмыстың саяси мақсаттарға бағындырылуы, әрине, орыс православиялық шіркеуінің жергілікті халық арасында өз миссионерлік қызметін таза шіркеулік бағытта жүргізуіне мүмкіндік бермеді. Бұл тұрғыда бұл миссионерлікті толықтай діни миссионерлік деп айтуда қиын. Мұндай жағдай сол тұста орыс православ шіркеуінің мемлекеттік құрылымға бағынышты болуынан туындап отырғанын атап кетуге болады. Ал бұл өз кезегінде қазақ жерінде православиялық миссионерліктің тұрақты және жүйелі түрде жүруіне кедергі болғаны да белгілі. Осындай тұстар аталған миссионерліктің нәтижесіне де өз әсерін тигізіп отырды.

Мәселен, сол кезеңдегі түрлі деректер шет аймақтарда қызмет атқарған приходтық дін қызметкерлерінің бір бөлігі «патшалық» миссионерлік ұстанымдарын қабылдамағанын көрсетеді. Бұл өңірлердегі жоғары шенді дін иелері приход қызметкерлерінің «миссионерлік еңбектен қашады, мұндай іске араласудан тартынады» деп жиі шағымданған [17, 3-5 бб.]. Олар сонымен қатар былай деген: «Біздің миссионерлерімізде бірлік, бірыңғай әдіс жоқ. Сондықтан да, олардың жанқиярлық еңбектеріне қарамастан, нақты нәтижелер көрінбейді» [18, 697 б.]. Бұған қоса, орыс-қазақ мектептерінде қызмет еткен кейбір мұғалімдер де жоғарыдан түскен миссионерлік тапсырмалардан бас тартуға тырысып, бұл іске оқушыларды араластырмауға ұмтылған. Көп болмағанмен, деректерге қарасақ, мұндайлар да болған. Олар негізінен халық арасында ағартушылық жұмыстармен айналысты, ал кейбіреулері ХХ ғасырдың басында ар-ождан бостандығы мен қоғамдық-саяси прогресті ашық қолдаған [19, 55 б.]. Кейбір православиялық дін қызметкерлері діни миссионерлікке саясатты араластырудан бас тартып отырған. Мұны ағартушылық саладан да байқаймыз. Демек, осыдан бұл істе сол кездегі Қазақстанда жүйелілік жағы олқы болғанын байқаймыз.

Сол кезеңде империяның шет аймақтарында православ миссионерлік қоғамының (бұдан былай ПМК) комитеттері мен бөлімшелері ашылғанда, алдымен жергілікті әкімшіліктің қолдауын алуға тырысқан. Мұны Қазақстан аймақтарына да қарасты айтуға болады. Мысалы, Түркістан епископы Аркадий ПМК комитетін ашу мәселесі бойынша өлкенің генерал-губернаторы Духовскийге жолдаған хатында былай деп жазады: «...Осыны хабарлай отырып, Сізден, қадірлі мырза, төмендегі өтініштерге көңіл аударуыңызды сұраймын: біріншіден, өзіңіз Миссионерлік қоғамның мүшесі болуға келісер ме едіңіз, екіншіден, өзіңізге бағынысты шенеуніктерге осы қоғамға мүше болуға ниеттілер бар ма екен деген ұсыныс білдіруіңізді өтінемін...» [20, П. 1 тер.].

Ал өлкенің әскери-әкімшілік басшысы Верный қаласында ПМК епархиалдық комитетін ашу туралы бастамаға байланысты әскери министрге жолдаған хатында былай деп көрсетеді: «...Сондай-ақ, келешекте мұндай мәселелер, яғни өлкеміздің азаматтық басқаруына тікелей қатысы бар әрі дініден гөрі саяси мәнге ие мәселелер, жергілікті рухани билік тарапынан генерал-губернатормен алдын ала келісілмей шешілмегені жөн болар еді...» [21, П. 9 тер.]. Демек, тағы да біздің көріп отырғанымыз сол тұста Қазақстанның әр аймағында православиялық миссионерлікті қарқындату немесе бәсеңдетуді жергілікті әскери-азаматтық билік осы жердегі саяси-әлеуметтік жағдайға қарай көбіне өздері реттеп отырған.

Жалпы алғанда, ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басында Қазақстан аумағында православиялық миссионерліктің жүргізілуінде өз ерекшеліктері болды. Бұл жерде діни мақсаттарға қарағанда алдыменен Ресейге қосылған аумақтарды саяси, экономикалық

және мәдени-этникалық жағынан ассимиляциялау сияқты империялық мақсаттар үстем болды. Дегенмен, әрине, сол негізгі мақсаттарға бағыттталып православиялық миссионерлік жүргізілді. Брак бұл үрдіс сол кезде қазақ жерінде өз мақсатына жетті деп айту қиын. Мұның дәлелі – қазақтар арасында шоқыну жаппай емес, жеке-жеке ғана болғаны. Оның өзінің әртүрлі объективтік және субъективтік себептер болды.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қазақтар арасында православиялық миссияның нәтижесіз болуын бірнеше факторлармен түсіндіруге болады. Олардың қатарына: Қазақстан жерінің ауқымдылығы, қазақтардың көшпелі өмір салты, татар молдалары мен Орталық Азия дінбасыларының белсенді миссионерлік қызметі, суфилер мен ишандардың дәстүрлі ықпалы мен маңызды рөлі, сондай-ақ кей кезендерде сыртқы және ішкі саяси жағдайлардың ескерілуі жатады. Дегенмен де, басты себептердің бірі ретінде 1912 жылы «Сібір жаңалықтары» журналында (№7–8) жазылған мына үзіндіні келтіруге болады: «Сенім мәселелерінде өзгеше ойлауға ұзақ уақыт тыйым салу, бұл жолдан тайғандарды полиция шараларымен қудалау үстем шіркеудің өкілдерін ерекше жағдайға қойды. Олар рухани әкімшілікке айналып, ұстаздық қызметтен айырылып, тек бақылаушы қызметпен шектелді. Ал енді шын мәнінде үйрету керек болғанда, нақты күш табылмады...» [22, 58 б.].

Бұл үзіндіде сол кезеңде империядағы орыс емес өзге халықтардың арасындағы православиялық миссионерліктің тиімсіздігінің негізгі себептерінің бірі нақты көрсетілген. Өзін үстем дін ретінде пайдалана отырып, шын мәнінде «рухани әкімшілікке» айналған орыс шіркеуі миссионерлік қызметте сендіру мен саналы таңдау қағидаттарына емес, көбіне әкімшілік тәсілдерге сүйенді.

Осылайша, ресми орыс православ шіркеуінің бүкіл құрылымы зайырлы мемлекеттік жүйенің торына шырмалып, оның біріншіден, дербес әрекет етуге, екіншіден, шынайы рухани бағытта жұмыс істеуге мүмкіндігі болмады. Шіркеу басқаруы тұйық кеңселік сипатқа ие болды: «рухани көшбасшылар» халықпен негізінен қағаз арқылы ғана байланыс орнатты. Ал шіркеу мен халық арасындағы тірі қарым-қатынасқа зайырлы ресми құрылым үнемі араласып, кей сәттерде, өз жағдайларын бірінші кезекте ойлап, кедергі де болып отырды.

XX ғасырдың басында мұндай жағдайды Ресей монархиясының жоғары билік өкілдері де мойындай бастады. Сол кездегі министрлер комитетінің төрағасы С.Ю. Витте былай деп атап өтті: «...Бізде шіркеу өлі, бюрократиялық мекемеге айналды, шіркеулік қызметтер Құдай үшін емес, жердегі құдайлар үшін атқарылады, православие – шын мәніндегі пұтқа табынушылыққа айналып кетті. Міне, бұл – Ресей үшін басты қауіп. Біз бірте-бірте басқа христиан діндерін ұстанушыларға қарағанда аз христиан бола бастадық. Біз біртіндеп бәрінен де аз сенетін халыққа айналуамыз...» [23, 59 б.]. Сәйкесінше, осындай саяси билік жүйесіне шырмалған шіркеу ұйымының қызметі империяның шет аймақтарында да дін саласына тән емес ерекшеліктер мен салдарға алып келді. Осы жоғарыда айтылғандар – сол салдардың кейбір көріністері.

**Қорытынды.** I Петр реформалары орыс православ шіркеуін патриархтық басқару жүйесінен зайырлы, мемлекеттің тікелей бақылауындағы бюрократиялық құрылымға айналдырды. Бұл өзгеріс шіркеудің рухани және басқарушылық қызметін мемлекеттік билікке бағындырды және оның тәуелсіздігін жойды. Қасиетті синодтың құрылуы шіркеу істерін мемлекет бақылауына толық енгізіп, оның басқару жүйесін кешенді түрде бюрократияландырды. Обер-прокурор институты арқылы шіркеу ісіне мемлекеттік бақылау күшейді, бұл діни қызметтің мемлекеттік саяси мақсаттарға бейімделуіне әкелді.

Қазақстан аумағында осы қаралып отырған кезеңде православ шіркеуі қарқынды тарала бастап қызметін кеңейте түсті. Өзінің канондық ұстанымдарына сәйкес жергілікті

халық арасында миссионерлік жұмыстарын жүргізуге де талпынды. Олардың өту барысы және нәтижелері жөнінде соңғы кезде зерттеушілердің бірталай жұмыстары жарық көрді. Ал бұл мақалада көрсетілген тақырыпқа сәйкес осы үрдістің бір қырының ерекшеліктері қаралып талданды. Ал бұл ерекшеліктер патша билігімен орыс православ шіркеуінің арасындағы қарым-қатынасынан туындап отырды. Қазақ жерінде Ресей империясының әскери-азаматтық билігінің нығаюымен православие шіркеуінің таралуы жергілікті халық арасында миссионерлік қызметті бастап, мемлекет пен шіркеудің бірлескен ықпалымен жүргізуге мүмкіндік берді және жүргізілді. Бұл ауқымды үрдістің өту барысында жоғарыда аталған ерекшеліктер де орын алып отырды. Олар, өз кезегінде, жалпы қазақ жерлерін отарлау үрдісінің, соның ішінде миссионерлік үрдістің, сипатына өз ықпалын тигізіп отырғанын байқаймыз.

Сонымен бірге, айтылғаннан сол тұста патша билігімен орыс православ шіркеуінің арасында тек қарама-қайшылықтар болды деп санауға болмайды, әрине. Бұлар алапат империялық жүйенің ішіндегі құрамдас бөліктері болатын. Дегенмен де, жоғарыда көргеніміздей солардың өз араларындағы қарым-қатынастарының ерекшеліктері кейбір үрдістерге өз әсерін тигізіп отырды, соның ішінде, мысалы, империяның шет аймақтарындағы православиялық миссионерлікке. Бұл аймақтағы миссионерлік қызмет көбінесе отарлау саясатының құрамдас бөлігі ретінде жүргізіліп, жергілікті халықтың дінге және мәдениетке интеграциялануына бағытталды. Осылайша, шіркеудің миссионерлік қызметі саяси-әкімшілік бақылаумен тығыз байланысып, православиялық діннің кеңейуін көздеді және соған ықпал етті. Шет аймақтарда негізінен бұл екі институттың қызметі бір бағытта болғаны, әрине, түсінікті. Осы кезеңде орыс православ шіркеуінің зайырлы мемлекеттік билікпен тығыз байланысы оның діни қызметінің ерекшелігін қалыптастырды. Мемлекеттің шіркеу қызметін бақылау саясаты мен әкімшілік құрылымдары Қазақстандағы діни ландшафттың өзгеруіне ықпал етіп, православ дінінің отарлау және интеграциялық құрал ретінде қолданылуын күшейтті. Бұл үрдіс Қазақстандағы этнодіни ахуалды өзгертіп, православ дінінің ресми және әлеуметтік мәртебесін нығайтуға бағытталды.

Сонымен бірге, орыс православ шіркеуінің әкімшілік-бюрократиялық құрылымға айналуы оның жалпы қызметінде, соның ішінде миссионерлік қызметінде бірнеше өзгеше көріністердің пайда болуына әкелді. Осындай жағдайда, мысалы, сол тұстағы қазақ жеріндегі православиялық миссионерлікті нақты канондық діни миссионерлік деп айту қиын еді. Бұл кезеңдегі православ шіркеуі мен мемлекеттік биліктің қарым-қатынастары Қазақстандағы православиялық миссияның сипаты мен бағыттары, бірінші кезекте, империялық саяси мақсаттардың жүзеге асырылуына бағышталғанынан туындап отырды. Жоғарыда көргеніміздей мұның өзі орыс православ шіркеуінің ішінен тұтастай қолдау тапты деп айталмаймыз. Ал бұл, өз кезегінде, аталған миссионерліктің жүзеге асыру барысына өз әсерін тигізіп отырды.

Жалпы соңғы кезде қазақ жерінде тараған діндердің тарихына қарасты көптеген жұмыстар жазылуда. Бұл, әрине, қажет нәрсе. Сол жұмыстар әрі қарай жалғасын тауып, зерттеушілер көтеріліп отырған тақырыптардың мазмұнына тереңдей түсуі керек. Тарихи үрдістер жан-жақты қаралып, оларға толықтай сипат беру үшін сол үрдістердің мүмкіндігінше барлық ерекшеліктері қаралып талданғаны дұрыс. Сол себепті, жоғарыда жазылған да осы бағыттағы әрекеттер қатарына жатады.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Яковлев, В.А. Из церковной жизни в Туркестане [Текст] / В.А. Яковлев. – Верный, 1902.

- 2 Чернавский, Н.М. Общий обзор истории Оренбургской епархии [Текст] / Н.М. Чернавский // Оренбургские епархиальные ведомости. – 1899. – № 20; Он же. Из истории Оренбургской епархии. – Казань, 1906.
- 3 Голошубин, И. Справочная книга Омской епархии [Текст] / И. Голошубин. – Омск, 1914. – 1250 с.
- 4 Никольский, Н.М. История Русской церкви [Текст] / Н.М. Никольский. – М.: АСТ, 2004. – 604 с.
- 5 Тимофеева, Л.В. История Русской православной церкви на территории Жетысу (вторая половина XIX – XX век): дис. ... канд. ист. наук: 07.00.02. [Текст] / Л.В. Тимофеева. – Алматы, 2007. – 155 с.
- 6 Батырханов, Г.К. Ресейдің Қазақстандағы жүргізген мисонерлік саясаты (XIX ғ. екінші жарты-XX ғ. басы): тар. ғыл. канд. диссер.: 07.00.02. [Текст] / Г.К. Батырханов. – Алматы, 1997
- 7 Садвакасова, З.Т. Духовная экспансия царизма в Казахстане в области образования и религии (II половина XIX-начало XX вв.) [Текст] / З.Т. Садвакасова. – Алматы: «Дарын», 2005. – 277 с.
- 8 Кабульдинов, З.Е. Миссионерская деятельность правительственной церкви в Семипалатинской области и сопредельных российских округах [Текст] / З.Е. Кабульдинов // Состояние и перспективы развития краеведения в современных условиях: материалы респ. науч.-прак. конф. – Павлодар, 2002. – С.224 – 230
- 9 Егембердиев, М.Ш. Ресей империясының Оңтүстік Қазақстандағы орыстандыру саясаты (XIX ғ. екінші жарты-XX ғ. басы): тар. ғыл. канд. диссер.: 07.00.02. [Текст] / М.Ш. Егембердиев. – Алматы, 2007
- 10 Левандовский, А. Под «железной пятой» [Текст] / А. Левандовский // Свободная мысль. – 2000. – № 2. – С. 90.
- 11 Витте, С.Ю. О современном положении Православной церкви [Текст] / С.Ю. Витте // Православная община. – 1998. – № 1. – С. 67.
- 12 Камзина, А.Д. Миссионерская деятельность Русской православной церкви среди старообрядцев в Оренбургской епархии в XVIII – первой половине XIX вв. [Текст] / А.Д. Камзина // История православия на Урале: сб. ст. – Екатеринбург, 2005. – С. 134.
- 13 Чернавский, Н. Из истории Оренбургской епархии [Текст] / Н. Чернавский. – Казань, 1906. – С. 4.
- 14 Приказ № 776 Оренбургского генерал-губернатора военному губернатору Туркестанской области от 28 января 1867 г. [Текст] // Центральный государственный архив Республики Казахстан (ЦГА РК). Ф. 1. Оп. 1. Д. 1370. Л. 1 об.
- 15 Яковлев, В.А. Из церковной жизни в Туркестане [Текст] / В.А. Яковлев – Верный, 1902. – С. 9–10.
- 16 Приказ № 1365 генерал-губернатора Туркестана военному губернатору Сырдарьинской области от 29 мая 1873 г. о переводе народов иных вероисповеданий в православие [Текст] // ЦГА РК. Ф. 1. Оп. 22. Д. 514. Л. 20.
- 17 Скворцов, В.М. Миссионерский жезл. [Текст] / В.М. Скворцов // СПб., 1912. – Вып. 1. – С. 3–5.
- 18 Миссионерский съезд в Казани [Текст] // 13–26 июня 1910 г. – Казань, 1910. – 697 с.
- 19 Кудряшов, Г.Е. Православное миссионерство на Средней Волге: история и оценка деятельности [Текст] / Г.Е. Кудряшов // История христианизации народов Среднего Поволжья: оценки и мнения: межвуз. сб. науч. тр. – Чебоксары, 1988. – С. 55.

20 Епископ Туркестанский и Ташкентский Аркадий. Письмо генерал-губернатору Туркестана Духовскому № 99 от 31 мая 1900 г. [Текст] // ЦГА РК. Ф. 1. Оп. 18. Д.56. Л.1 об.

21 Письмо генерал-губернатора Духовского военному министру № 481 от 15 сентября 1900 г. [Текст] // ЦГА РК. Ф. 1. Оп. 18. Д. 56. Л. 9 об.

22 Коптев, А. Миссионерская деятельность в Сибири [Текст] / А. Коптев // Сибирские вопросы. – 1912. – № 7–8. – С. 58.

23 Витте, С.Ю. Из воспоминаний [Текст] / С.Ю. Витте // Православная община. – 1998. – № 1. – С. 59.

### **Тасмагамбетов Асет Сембаевич\*<sup>1</sup>**

Доктор исторических наук, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, 090006, г. Уральск, проспект Н. Назарбаева, 194, [t.asset63@mail.ru](mailto:t.asset63@mail.ru),  
ORCID ID: 0000-0003-0497-3822

## **ВЗАИМОТНОШЕНИЯ ЦАРСКОЙ ВЛАСТИ И РУССКОЙ ПРАВОСЛАВНОЙ ЦЕРКВИ В КАЗАХСТАНЕ И ЕЕ МЕСТО В КОЛОНИЗАЦИИ КАЗАХСКИХ ЗЕМЕЛЬ (XIX – НАЧАЛО XX ВЕКА)**

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются взаимоотношения русской православной церкви с царским правительством в казахских землях в период их нахождения в составе Российской империи (XIX в. – начало XX в.), а также её роль и функции в системе колониального управления в Казахстане с исторической точки зрения. Описывается процесс превращения церкви в часть государственного аппарата царской власти (создание святейшего синода, введение епархиального управления, роль института обер-прокурора). Автор, пользуясь материалами, имеющими отношение к епархиям, распространявшим свою деятельность на казахские земли, анализирует административную и миссионерскую деятельность православной церкви в Казахстане, раскрывает её связь с колониальной политикой. Всесторонне рассматриваются взаимодействие церковной администрации с местными властными структурами, миссионерская деятельность, механизмы религиозного контроля и управления духовным пространством. В статье на основе историко-сравнительного и историко-системного методов, проводится анализ институциональных связей церкви с царской властью и содержания её миссии. Особенности синодального управления и его влияние в рамках колониальной политики обоснованы на основе конкретных архивных данных и материалов печати. В результате исследования выявлено, что православная церковь предстала не только как духовное учреждение, но и как административная структура, обслуживавшая интересы колониальной власти в период вхождения казахских земель в состав Российской империи.

**Ключевые слова.** Царская власть, русская православная церковь, епархиальное управление, военно-гражданская власть, православное миссионерство, религиозное управление, государственный контроль, Российская империя.

**Tasmagambetov Asset Sembayevich\*<sup>1</sup>**

Doctor of historical sciences, West Kazakhstan innovation and Technology University,  
090006, Uralsk, N. Nazarbayev Ave., 194, [t.asset63@mail.ru](mailto:t.asset63@mail.ru) ,  
ORCID ID: 0000-0003-0497-3822

**RELATIONS BETWEEN THE TSARIST GOVERNMENT AND THE RUSSIAN  
ORTHODOX CHURCH IN KAZAKHSTAN AND THEIR ROLE IN THE  
COLONIZATION OF KAZAKH LANDS (19TH – EARLY 20TH CENTURY)**

**Abstract.** This article examines the relationship between the Russian Orthodox Church and the tsarist government in the Kazakh territories during their incorporation into the Russian Empire (19th century – early 20th century), as well as the Church's role and functions within the colonial administration system in Kazakhstan from a historical perspective. The study describes the process of the Church's transformation into a part of the tsarist state apparatus (including the establishment of the Holy Synod, the introduction of diocesan governance, and the role of the office of the Ober-Procurator). Using materials related to the dioceses that extended their activities to the Kazakh lands, the author analyzes the administrative and missionary activities of the Orthodox Church in Kazakhstan and reveals its connection with colonial policy. The article comprehensively explores the interaction between church administration and local authorities, missionary work, mechanisms of religious control, and the management of spiritual space. Employing historical-comparative and historical-systemic methods, the article analyzes the institutional ties between the Church and the tsarist regime, as well as the content of its mission. The specific features of synodal governance and its impact within the framework of colonial policy are substantiated through concrete archival data and printed sources. As a result of the study, it is concluded that the Orthodox Church appeared not only as a spiritual institution but also as an administrative structure serving the interests of the colonial government during the incorporation of the Kazakh territories into the Russian Empire.

**Key words.** Tsarist government, russian orthodox church, diocesan administration, military and civil authority, orthodox missionary work, religious administration, state control, Russian Empire.